

8D01702 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған

«Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы Ақбота Талғатқызы Төлеужанның диссертациялық жұмысына ресми рецензент педагогика ғылымдарының докторы, профессор Сейітқазы Перизат Байтешқызының

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Зерттеу тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы:	Ізденуші А.Т.Төлеужанның диссертациялық тақырыбы Қазақстан Республикасының бірқатар жалпы мемлекеттік ресми құжаттарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы, білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына негізделеді. Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарлама мазмұнына толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, «ҚР Білім туралы Заңы», «ҚР Тіл туралы Заңы», «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Педагог» кәсіби стандарты, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» және «ҚР шеттiлдiк бiлiм берудi дамыту тұжырымдамасы» және т.б. заңнамалық құжаттар негізге алынған. Аталмыш құжаттар білім берудің ашық білім беру ресурстарын тиімді қолданып, білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге қажеттілігін айқындайды. Оқу үдерісіне үздік білім беру ресурстары мен технологияларын енгізу арқылы сапалы оқу мазмұнына қол жетімділікті арттыру ақпараттық қоғамның негізгі талабы ретінде айқындалатын білімді, жан-жақты, жана білімді оңай меңгеруге қабілетті, дербес шешім қабылдай алатын икемді ұрпақ тәрбиелеуге ықпал етеді. Сәйкесінше, оқығудың қоғам талаптары негізінде жүзеге асырылуы, білім алушылардың бойында жоғарыда аталған заманауи дағдыларды

			дамыту, сөзсіз, қазіргі таңда сұранысқа ие тәжірибелердің бірі ретінде айқындалған.
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарлама атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Оның ішінде: 1) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 2) Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер».</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлес <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған	<p>Ізденуші А.Т.Төлеужанның инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеуге және оын әдістемесін жасауға бағытталған ғылыми жұмысы инновациялар негізінде құрылған оқу мекемелерінде оқушылардың шеттілдік сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыста «Ашық білім беру ресурстары», «Инновациялық мектеп», «Шетел тілінде сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыда негізделген. Диссертациялық жұмыста ашық білім беру ресурстарын оқыту үдерісінде пайдалану бойынша шетелдік және отандық тәжірибесі зерделеніп, инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, онда мақсат, оқушылардың шетел тілінен сөйлеу дағдыларын дамытудың құрылымдық компоненттері мен қалыптастыру формалары, әдістері, құралдары мен педагогикалық шарттары көрініс тапқан. Аталмыш модель негізінде оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын</p>

			<p>калыптастырудың әдістемесі жасалған. Мектеп оқушыларына арналған «Becoming Fluent in English» атты таңдау курсына арналған электронды оқу құралы мен YouTube каналы әзірленген. Ұсынылған оқу құралдары мен оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталып құрылған моделдің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, арнайы қорытындылар жасалған. Мәселенін ғылыми негізделуі және эксперимент нәтижесі бойынша инновациялық мектеп жайдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдылары бойынша көрсеткіштер ғылымның дамуына диссертанттың қосқан үлесі болып табылады. Жұмыс нәтижелері ғылымиға елеулі үлес қосып, оның маңыздылығын ашады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>Жоғары;</b></li> <li>2) Орташа;</li> <li>3) Төмен;</li> <li>4) Өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Ізденушінің қол жеткізген ғылыми және қолданбалы жаңалықтары өзі жазу ұстанымының жоғары деңгейіне сәйкес деп есептеуге болады. Онымен қоса, жұмыстың пайнаылығы тексеріліп, қажетті анықтама арқылы дәлелденген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <b>айқындайды</b> 2) жартылай айқындайды 3) айқындамайды.</p>	<p>Төлеужан Ақботаның диссертациялық жұмысының өзектілігі дәлелденген, оның негіздемесі теориялық және практикалық маңыздылығы тұрғысынан толығымен ашылғандығын көрсетеді.</p> <p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды, мазмұны тараулар мен тармақтарына сәйкес келеді. Диссертация мазмұны логикалық тұрғыдан бірізді қарастырылған және кіріспеден, екі бөлімнен, әр бөлім үш және төрт тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс әдіснамалық, теориялық тұжырымдарға негізделген. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3 Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <b>сәйкес келеді;</b> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>А.Т.Төлеужанның зерттеу жұмысының максаты мен міндеттері диссертация тақырыбы тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Зерттеу максаты инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдысын ашық білім беру ресурстары арқылы дамытуды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу және оның</p>

әдістемесін әзірлеуге бағытталады. Алға қойған мақсатқа сәйкес, келесідей міндеттердің шешімін табу көзделген:

1. Инновациялық мектеп жағдайында оқушылар арасында шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың теориялық негіздері мен оның мүмкіндіктерін анықтау;

2. Инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін ашық білім беру ресурстарын пайдалану моделін құрастыру;

3. Оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы қалыптастыру әдістемесін әзірлеу;

4. Ашық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.

4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:

1) толық байланысқан;

2) жартылай байланысқан;

3) байланыс жоқ.

Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық түрді құрылған ішкі біртұтастығымен ерекшеленеді.

«Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу тақырыбымыз аясында жүргізілген тұжырымдамалар, теориялар мен ғылыми еңбектерге жан-жақты сараптау жүргізілген. Зерттеу тақырыбын ашатын терминдерге мазмұндық сипаттама берілді (ашық білім беру ресурстары, инновациялық мектеп, шетел тілінде сөйлеу дағдылары). Білім беру үдерісінде ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың мүмкіндіктері анықталды, сондай-ақ инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы дамытудың моделі әзірленген. «Ашық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың әдістемесі» атты екінші тарау инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстарын арқылы дамытудың мазмұны, әдіс-тәсілдері мен формалары анықталды, оған қоса тәжірибелік-эксперименттік жұмысты өткізу мен оның нәтижесі

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кағидаттар, әдістер) бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p>	<p>талданып, тұжырымдар жасалған.</p> <p>Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер (кағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған және жұмыс сыни талдауларға негізделген. Оның көрінісі ашық білім беру ресурстарын шетел тілін оқу үдерісіндегі тиімділігін негіздеу дәлелдемесіндегі әдеби полу мен ғылымиметрикалық және библиометрикалық зерттеу арқылы объективті сыни талдау мен бағалау жүргізіліп, соның негізінде жаңа шешімдер келтірілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ізденуші ұсынған ғылыми жаңалықтар жартылай жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында ізденуші келесі нәтижелерге қол жеткізген:</p> <p>Біріншіден, АББР арқылы жаңа виртуалды ортаның қалыптасуы аясында оның шеттілдік білім беру үдерісімен интеграциялану нәтижесінде шеттілдік сөйлеу дағдыларын дамытудағы тиімділігі нақтыланған. Ізденушінің зерттеу аясында отандық, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен тұжырымдарындағы «ашық білім беру ресурстары», «инновациялық мектеп», «шетел тілінде сөйлеу» ұғымдарын жан-жақты талдауымен, жүйелеуімен, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнын өзінің зерттеу проблемасының мақсатына орай тұжырымды пікірін білдіріп, ғылыми-теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама жасауымен негізделіп, дәлелденген. Бұл педагогика ғылымының теориялық мазмұнын толықтырады.</p> <p>Екіншіден, 9-сынып оқушылары арасында шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында АББР аясында ұсынылған электрондық оқулықты қолдану әдістемесі жасалып, оқу үдерісіне енгізілген.</p> <p>Үшіншіден, ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың моделі жасалды. Нәтижесінде, мотивациялық, танымдық, әрекеттік компоненттердің өзара байланыстылығын тұтастай ескере отырып, осы құрылымның өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау оң нәтижелерге жетуге мүмкіндік берген.</p> <p>Төртіншіден, «Becoming Fluent in English»</p>

			электронды оқу құралы мектеп қабырғасында арнайы таңдау курсы негізінде енгізіліп, оның тиімділігі апробациядан өткізілген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда келтірілген қорытындылар жартылай жаңа. Ізденуші ұсынған диссертациялық зерттеудің нәтижелері оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы дамыту бойынша теориялық дереккөздердің жеткілікті көлемін талдауға негізделген. Дегенмен, эмпирикалық материалды зерттеу мен талдауға байланысты диссертацияда ұсынылған тұжырымдардың дұрыстығы мен сенімділігі күмән тудырмайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша	Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар оқушылардың шетел тілінде ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда АББР тиімді пайдалануы теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ауқымды, теориялық қағидаттардың практикалық верификациясы ұйымдастырылды және интерпретациясы ұсынылған. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары алыс-жақын шетелдік, отандық басылымдарда жарық көрген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) иә;	7.1 А.Т.Төлеужан тарапынан қорғауға шығарылған 4 қағидат дәлелденген; 7.2 Қорғауға ұсынылған 4 қағидат тривиалды емес; 7.3 Қорғауға ұсынылған 4 қағидат жаңа болып табылады; 1. «ашық білім беру ресурстары», «инновациялық мектеп», «шетел тілінде сөйлеу» ұғымдарының мәні, «инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану» ұғымына авторлық анықтама; 2. Оқу үдерісінде оқушылардың дағдылары

		<p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><u>3) кең</u></p> <p>7.3 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) иә;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>мен қабілеттерін цифрлық білім беру мазмұны негізінде дамытуды көздейтін және мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық-әрекеттік, бақылау-бағалау, нәтиже блоктарынан тұратын инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық моделі;</p> <p>3. Инновациялық мектептің 9-сынып оқушылары арасында шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған «Becoming Fluent in English» таңдау курсының мазмұны және оның аясында қолданылатын оқытудың әдіс-тәсілдер мен формалары;</p> <p>4. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері.</p> <p>7.5 Қорғауға ұсынылған қағидаттар автордың 10 еңбегінде көрініс тапқан, атап айтқанда SCOPUS ДК бойынша индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми журналдарда – 2 мақала, ҚР ҒЖЖБССҚК ұсынған басылымдарда – 3 мақала және халықаралық ғылыми іс-шаралар материалдарында – 3 мақала. Сондай-ақ, зерттеу жұмысының мазмұны бойынша авторлық куәлігі бар “Becoming Fluent in English” атты электронды оқу құралы мен YouTube каналы.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p><u>1) иә;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыс зерттелген тақырып аясында таңдалған әдістеменің негізділігімен сипатталады. Әдіснама етжей-тегжейлі, нақты сипатталған және ол жұмыс нәтижелерінің негізділігін айқындайды.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) иә;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Эмпирикалық деректер үшін педагогикалық эксперимент жүргізілген; сауалнама, тестілеу, орташа мәнді есептеу үшін Студент t - критерийінің статистикалық әдісі, Альфа Кронбах сенімділік талдауы сияқты статистикалық әдістері үшін SPSS бағдарламасы қолданылған және соның негізінде кестелер, диаграммалар жасалған.</p>
		8.3 Теориялық	Инновациялық мектеп жағдайында ашық

		<p>корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді:</p> <p><u>1) иә;</u> 2) жок</p>	<p>білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тиімділігі эксперимент аясында орындалған. Ізденуші әзірлеген тәжірибелік-эксперименттік бағдарламасы негізінде эксперимент базасы Қарағанды қаласының М.Жұмабаев атындағы гимназиясының және С.Саттаров атындағы мектеп-лицейдің 9 сынып оқушылары таңдалған, саны – 87. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу АКТ арқылы расталған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезендері оңтайлы жүргізілген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында бағдарламалық құжаттамалық ақпараттарды саралау, сауалнама, ауызша сұхбат, әңгімелесу, оқушылардың білім беру үдерісіндегі оқу әрекетін бақылау әдістері қолданылған және бұл әдістердің нәтижелері тәжірибелік эксперимент барысында SPSS бағдарламасы арқылы өңделген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған/расталмаған</p>	<p>Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға байланысты педагогикалық, психологиялық, философиялық, шеттілдік білім беру бойынша ғылыми әдебиеттерге нақты және сенімді сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 225 атаудан тұрады.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.2 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p><u>1) иә;</u> 2) жок</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысы аясында - инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері анықталған: «Ашық білім беру ресурстары», «Инновациялық мектеп», «Шетел тілінде сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыда нақтыланып, «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану» ұғымына авторлық анықтама берілген; білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық білім беру ресурстарын қолданудың мүмкіндіктері айқындалған; инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру</p>



			ресурстары арқылы дамытудың моделі құрастырылып, оның негізінде оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы қалыптастырудың әдістемесі әзірленген. Ашық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексерілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) иә;</u> 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары десек болады. Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың моделі жасалған. Инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілген. Зерттеу нәтижелерін инновациялық мектеп жағдайында 9 сынып оқушыларының шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған таңдау курсына қатысты қолдану мүмкіндігі бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған ашық білім беру ресурстары бірінші рет ұсынылған.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Ізденушінің диссертациясы ғылыми стильде әзірленген, диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған.

А.Т.Төлеужанның диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін он бағалай отырып, келесі ескертулер мен ұсыныстар жасау қажет деп санаймын:

- Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың теориялық негіздері егжей-тегжейлі қарастырылған, алайда мәселені саралауға қатысты отандық ғалымдардың еңбектеріне де кеңінен мән берілгені дұрыс болар еді:

- Ізденуші ұсынған «Becoming Fluent in English» электронды оқу құралы мен YouTube каналының практикалық құндылығы жоғары, алайда осы құралдардың оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру бойынша қызметі жайлы диссертациялық жұмыста аз баяндалған. Осы мәселеге баса назар аударылса, диссертациялық жұмыстың мәнділігі арта түсетін еді деп ойлаймын.

Анықталған ұсыныстар диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық

құндылығын төмендетпейді.

Диссертанттың зерттеу жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалып, қол жеткізген ғылыми нәтижелері педагогика ғылым саласына, шеттілдік әдістеме ғылымына және барша ғылыми-педагогикалық қауымдастық үшін жаңашыл еңбек деп танымын. Төлеужан Ақбота Талғатқызының 8D01702 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша жазылған «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, Төлеужан Ақбота Талғатқызы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор, Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің педагогика  
кафедрасының профессоры

 Сейітқазы П.Б.

